

Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік
университеті

Медицина факультеті



Тақырыбы: Башқұрт Автономиялы Советтік
Социалистік Республикасы

Орындаған: Жұман Медеу

Қабылдаған: Зұлпыхарова Эльмира


Тобы: ЖМ-819

Түркістан 2018

Жоспар:

- ▣ Кіріспе:
- ▣ Башқұрстан Автономиялы Республикасына жалпы шолу
- ▣ Негізгі:
- ▣ Табиғаты
- ▣ Халқы
- ▣ Тарихы
- ▣ Шаруашлықтары
- ▣ Қорытынды

Башқұртстан Республикасы - Ресей Федерациясының құрамындағы республика. Жер аумағы - 143,6 мың км. Халқы - 4,04 млн. Астанасы – Уфа қаласы.



Мемлекеттік рәміздері

ТУЫ



ЕЛТАҢБАСЫ



РКФСР құрамындағы автономиялық республика. 1919 ж 23 наурызда құрылған. Конституциясы 1937 жылы 23 маусымда Башқұрт АССР Советтерінің Төтенше 10-съезінде қабылданған. Жері 143,6 мың км², халқы 3819 мың. Башқұртта 53 селолық аудан, 17 қала, 38 қала типтес поселке бар. Астанасы – Уфа қаласы. Ірі қалалары-Уфа, Стерлитамак, Салауат, Октябрьский, Ишимбай. Дінге сенуші башқұрттар-мұсылман-суниттер.



Табиғаты



- Башқұрт Азия мен Еуропа аралығында, Шығыс Еуропа жазығының шығыс бөлігін алып жатыр. Батыс жағы жазық, шығысы таулы келеді. Шығысында Оралдың оңтүстік жоталары, солтүстік-шығысында Уфа үстірті, оңтүстік-батысында Бугульма-Белебей қыраты, оңтүстігінде Жалпы Сырттың сілемдері бар. Ең биік жері-Оралдағы Жамантау (биіктігі-1640 м). Пайдалы қазбаларға бай (мұнай, табиғи газ, көмір, тұз). Шығысында таулы өңірде мыс, темір рудасы, алтын, мырыш өндіріледі. Климаты континенттік: жазы қоңыр салқын, қысы суық. Басты өзендері-Камаға құятын Белая және соның салалары Нугуш, Уфа, Дема, Сим. Жазық бөлігінің солтүстігі шымды күлгін топырақты, орманды жерлері сұр топырақты қалған жері құнарлы қара топырақты келеді. Жерінің 40% ға жуығы қылқан және жалпақ жапырақты орман. Ағаш

Халқы



- ▣ Башқұрстан АССР-інің тұрғылықты халқы- башқұрттар. Олар 4,04 млн адам. Республикада бұлардан басқа орыстар-1418,1 мың, татарлар-768,6 мың, чуваштар, марилер, украиндер, мордвалар, удмурдтар және т.б. халықтар тұрады. Башқұртта халықтың тығыздығы орта есеппен 1 км²-ға 26,6 адамнан келеді. Қала халқы 48%

Тарихы



- Башкүрстан жерін адам палеолит дәуірінде мекендей бастаған. Қола дәуірінде (б.з.б. 3-2 мың жылдықта) бұл аймақтағы тайпалардың негізгі кәсібі мал өсіріу, суармалы егіншілік болған. Мыс өңдеу, құмыра жасау, сүйек әрлеу кәсіптерін білген. 9-13 ғасырда башкүрттар Орал тауының етегін, Оңтүстік Оралды, Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын мекендеген. 10-13 ғасырда рулық қатынастар ыдырап, феодал қатынастар пайда болды. 10-13 ғасырда Башкүрттың батыс бөлігі Волга-Кама Болгариясына бағынды. 10 ғасырдан бастап Волга-Кама Болгариясынан Батыс Башкүрстанға Ислам діні кіре бастады. 1229 жылы Башкүрстанға моңғолдар мен татарлар басып кіріп, 1236 жылы оны толық бағындырды. Башкүрстан Батыйдың тұқымы Шайбанидың үлесіне тиді. 15 ғасырдың 2 жартысында, Алтын Орда ыдырағаннан кейін, Башкүрстан Ноғай Ордасының, Қазан хандығының, Сібір хандығының құрамына еніп, бөлшектеніп кетті.



- Орыс әскерлері қазанды алып, Қазан хандығы, кейіннен Ноғай, Сібір хандықтары жойылғаннан кейін башқұрттар Ресей құрамына өз еркімен қосылды. Бірақ патша өкіметінің халықты аяусыз қанауы, жергілікті феодалдардың озбырлығы, чиновниктердің әділетсіздігі башқұрт қалың бұқарасының наразылығын тудырды. Башқұрт халқы Е.И. Пугачев бастаған шаруалар соғысына белсене қатысты, мұнда халықтан шыққан даңқты батыр Салауат Юлаев асқан ерлік көрсетті. 1798 ж. Башқұртта басқарудың кантондық жүйесі енгізіліп, башқұрттар іс жүзінде іс жүзінде әскери сословиеге айналды. 1861 жылы реформа башқұрттардың жағдайына аздаған өзгерістер енгізді. 1865 жылы кантондық жүйе жойылып, Уфа губерниясы құрылды. 19 ғасырда башқұрттар түгелдей отырықшылыққа көшіп, егіншілік кәсібі едәуір өрге басты. Бірақ башқұрт жерлерін запынаға алу талан-тараж жағдайды шиеленістіре түсті. Әлеуметтік езгі және жергілікті халықты зорлап орынластыру саясаты 19 ғасырдың аяғында башқұрттар тарапынан стихиялық көтерілістер туғызды.

Өнеркәсібі

- Башқұрт өнеркәсібі жан-жақты дамыған, ірі ауыл шаруашылық өндірісі бар республика. Өнеркәсібінің басты саласы-мұнай өндіру мен мұнай айыру. Башқұрт мұнай, табиғи газ, химия, машина жасау өнеркәсібінің маңызды орталығы. КСРО-да өндірілетін барлық мұнайдың 1\7 бөлігін береді. 70-жылдардың басында Башқұрт мұнай өндіруден Совет Одағында 2-орында болды. Республиканың мұнай кәсіпорындары негізінен Уфа, Ишимбай, Салауат қалаларында орналасқан. Башқұрт өнеркәсібінің мұнайдан кейінгі салалары-қара және түсті металлургия (Белорецк, Сибай), электротехника (Уфа), мұнай айыру өндірісіне қажетті жабдықтар мен бұрғылау станоктарын шығару (Стерлитамак), болат, сым, арқан өндіру (Белорецк). Мұнай, газ, химиялық кәсіпорындарында спирт, полиэтилен, синтетикалық каучук, жуғыш заттар, пластмасса, синтетикалық талшық, гербицидтер өндіреді. Стерлитамақта аса ірі сода-цемент комбинаты болды.



МИНИСТЕРСТВО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ БАШКОРТОСТАН



Цветная металлургия



Доля в общероссийской добыче цинка в руде составляет почти 50%, меди – около 10%

MyShared



Ауыл шаруашылығы



- Башкұрт РКФСР-дің егіншілік және мал шаруашылығы жақсы дамыған аудандардың бірі. Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жері 7 млн га-дан асады: 4,9 млн га егістік, 1,6 млн га жайылым, 0,7 млн га шабындық. Ауыл шаруашылығының басты саласы-егіншілік. Совет өкіметі жылдарында егіс көлемі 2 есе көбейді. Мал шаруашылығының басты саласы-етті-сүтті ірі қала мал және етті-жүнді қой өсіру. Башкұрттың кей жерлерінде қымыз бен ет үшін жылқы өсірілді.

Темір жол транспорты

- Республиканың халық шаруашылығында темір жол транспорты негізгі роль атқарды. барлық темір жолдың ұзындығы 1197км. Уфа-Орынбор, Уфа-Туймазы, Уфа-Жаңаауыл тас жолдары бар. Ең басты су жолдары-Белая, Уфа өзендері.



Архитектурасы мен өнері




- Октябрь социалистік революциясынан бұрын Башқұрттарда профессионалды бейнелеу өнері болған жоқ. 1920 ж. Уфада көркемөнер музейі ашылды. 1926 ж. ұйымдасқан Башқұрт көркемсурет училищесінің И.И. Урядов, А.Э. Тюлькин, М.Н. Елғаштинардай тұңғыш түлектерден кейін М.Н. Арсланов, Г.Ш. Имашева, А. Хромов, Г. Мустафин, Р. Ишбулатов сияқты жас таланттар шықты. Башқұрттың халық өнері қарапайым да тартымды. Бас киім, сүлші, киіз үй, сәндік бұйымдардағы өрнек қазақ пен қырғыз оюларына ұқсас келеді. Бесжылдықтар кезінде Уфада т.б қалаларында ірі-ірі әкімшілік, мәдени-ағарту және көп қабатты тұрғын үйлер салынды. Башқұрт архитектурасы ұлттық ою-өрнегінің молдығымен, сырт көрінісінің қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Этногенезі




- ▣ Башқұрттардың этногенезі өте күрделі. Башқұрт халқы қалыптасқан оңтүстік Орал, маңайындағы далалық аймақтарда түрлі халықтар тұрады. Б.з.б 1-мыңжылдықтың 2-жартысында оңтүстік Башқұрстанда иран тілдес малшы сарматтар, солтүстікте-ананьин мәдениетіне жататын, егін егіп, аң аулаған тайпалар-финн-угор халықтарының түп аталары өмір сүрген. Б.з 1-мыңжылдықта оңтүстік Оралға көшпелі түріктер қоныстана бастады да, бүкіл Башқұрстанға тарады. Байырғы тұрғын халықтарды ығыстырып, ішінара олармен сүйек шатыс болған түрік тайпалары Башқұрттар тілінің, мәдениетінің қалыптасуына ықпал еткен. 9-10ғ. башқұрттар жайлы тұңғыш жазба деректер пайда болды. Башқұрттардың этногенезіне оғыз-печенег тайпалары, еділ-камалық болғарлар, кейінірек қыпшақтар, моңғолдар қатысты.

Тілі мен әдебиеті



- Башқұрттар негізгі тұрғындарының тілі-башқұрт тілі. Түркі тілдерінің қыпшақ-болгар тобына жатады. Қуақан, юрматы деген екі диалектіге бөлінеді. Башқұрт тілінде халықтың көп бөлігі сөйлейді. Одан бұрынырақта башқұрттар көне түркі, беріде орта түркі жазба әдеби тілін пайдаланған. 1939 ж. дейін латын әліпбиін, одан бері орыс графикасын пайдаланып келді.
- Башқұрт жазба әдебиеті Октябрь революциясынан кейін қалыптасты. Одан бұрынғысы-негізінен халық поэзиясы, фольклор. Ауыз әдебиетінде форма жағынан ерекше жетілген жанр-қобайыр. Ол қазақ поэзиясында толғауға жақын. Қобайырдың өзегі әлеуметтік сарын, яғни Орал тауын, Ақ Еділді, туған жерді, халқын мадақтау.



- Ал Ақбозат, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу Күсәк бей секілді эпикалық поэмалар-башқұрт тарихының түрлі кезеңдерін бейнелеген кесек туындылар. 17-19 ғасырда әуезді, сырлы, шерлі, әнмен айтылатын Салауат Азамат Орал сияқты тарихи жырлар, Зұлхиза, Шаура секілді аңыздар туды. Революцияға дейін Башқұрт поэзиясының кейбір нұсқалары қолжазба түрінде тараған. Башқұрт әдебиетінің тарихында Салауат Юлаевтың есімі әйгілі. Жауынгер ақынның ел аузында қалған, кезінде орыс тіліне аударылған жырларына тән сипат-ереуіл рухы, әлеуметтік идея, азамтаттық пафос.

Қорытынды:



- Башқұрстан Автономиялы Республикасына шолу жасау арқылы біз башқұрттардың мәдениеті, тарихы, тілі мен әдебиеті, архитектурасы, шаруашылықтары туралы мағлұматтар алдық. Ежелгі түріктермен тығыз байланыста болғанын әрі мұсылман-суниттер екендігін көріп отырмыз. Башқұртстан Автономиясына ретінде Ресей Федерациясының құрамында сақталып қалып отыр.